

^{*1}Бекеева Н.Ж.  ²Нұрдаулетова Б.И.  ³Аймұхамбет Ж.Ә. 

¹КИМЭП Университеті, Алматы, Қазақстан

²Есенов Университеті, Ақтау, Қазақстан

³Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹nuraisha@kimep.kz, ²nurdauletova@mail.ru, ³a_zhanat@mail.ru

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ БАТЫСТЫҚ ЗЕРТТЕУ КОРПУСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДЕРЕККӨЗДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада батыс ғалымдары еңбектеріндегі Шығыс Түркістан аймағындағы түркілік жер-су атауларының мағынасы тарихи-лингвистикалық сипатта қарастырылады. Зерттеудің мақсаты мен мәні – батыс зерттеушілерінің еңбектерінде кездесетін топонимдердің этимологиясын нақты мысалдар арқылы талдап, олардың түп негізінің түркілік негізін айқындау. Бұл арқылы түркі өркениетінің Шығыс Түркістан кеңістігіндегі тарихи-мәдени іздерін айғақтау көзделеді. Зерттеудің жаңалығы мен бағыттары – батыс дереккөздеріндегі ғылыми айналымға енген топонимдердің лексика-семантикалық және түркілік тарихи қабатын анықтау. Мақала түркілік топонимдердің этномәдени жадты сақтаудағы қызметін жаңа қырынан қарастыруымен және батыс ғылыми дәстүріндегі түркілік атауларға берілген түсіндірмелерді салыстырмалы талдауымен ерекшеленеді. Ғылыми міндеттері мен практикалық маңыздылығы – батыстық еңбектерден жиналған материалдарды жүйелеу, этимологиялық және тарихи деректер арқылы түркілік атаулардың таралу аймағын айқындау, сондай-ақ нәтижелерді топонимика, лингвомәдениеттану және тарихи география салаларында қолдануға негіздеу. Зерттеу әдіснамасы тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық және этимологиялық талдау тәсілдеріне сүйенеді. Негізгі нәтижелер мен қорытындылар – батыс ғалымдарының еңбектерінде кездесетін көптеген топонимдердің түркілік түбірден шыққандығы дәлелденді. Бұл зерттеу Шығыс Түркістан топонимиясын жаңа ғылыми деңгейде зерделеуге жол ашады.

Кілт сөздер: Шығыс Түркістан, түркілік топонимдер, батыс зерттеушілері, шетелдік миссионерлер жинақтамалары.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы ғылым министрлігінің қаржыландыруымен «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» жобасы аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24993043).

Кіріспе

Елдің тарихы жер-су атауларымен тығыз байланысты. Уақыт өзгерістері ғасырлар қойнауында бірнеше мәрте өзгерген қаншама жер-су атауларына куә. Осы атаулардың сақталуы мен өзгеруі, басқаша аталуы кей жағдайларда дау да туғызады. Әр дәуірдің саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістері бұл атауларға әсер етіп, кейбіреуі ұмытылып, кейбіреуі жаңаша сипат алған. Жер-су атауларының сақталуы мен өзгеруі, олардың шығу төркінін анықтау – тек топонимика саласының ғана емес, тарих, этнография, археология, география және мәдениеттану ғылымдарының да ортақ зерттеу нысаны. Осы тұрғыдан алғанда, жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мен жүйелеу ел тарихының тұтастығын түсінуде үлкен маңызға ие. Шығыс Түркістан өңіріндегі түркілік топонимдер – түркі өркениетінің көне қабаттарын танытатын ерекше мәдени-тілдік мұра. Бұл атаулар батыс зерттеушілерінің

де назарын аударып, көптеген саяхатшылар, этнографтар, түркологтар зерттеулеріне арқау болды. Мақаланың ғылыми өзектілігі – Шығыс Түркістандағы түркілік топонимдерді бұрын арнайы зерттелмеген батыс ғалымдары Г. Жарринг, Альберт Ли Гог, Г. Ракует, Свен Гедин, Эрик Шиптон еңбектері негізінде талдау арқылы олардың тарихи және тілдік маңызын этимологиялық тұрғыдан айқындау болып табылады. Сонымен қатар, бұл еңбектер мазмұнындағы аталған аймақтың географиялық атауларымен ғана шектелмей, көне мәдениеттердің өзара ықпалы мен түркі өркениетінің таралу аймағы арқылы топонимика саласында жаңа деректер мен ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік туады.

Зерттеудің маңыздылығы - Шығыс Түркістан бойынша түркілік топонимдерді бірі ғалым, бірі саяхатшы, картограф, этнограф, енді бірі түркітанушы ретінде жоғарыда аталған, аймақты арнайы зерттеген батыстық ғалымдар, еңбектері арқылы негіздеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары ретінде Шығыс Түркістан өңірін зерттеген батыс ғалымдарының еңбектері негізге алынды. Атап айтқанда, швед зерттеушісі Г. Жаррингтің «Орталық Азияның түркілік жер-су атауларының кейбіреулеріне қатысты ескертпелер» атты еңбегі, «Шығыс Түркі халықтарын зерттеу материалдары»(1937),«Хотаннан Қашғарға дейін» (1938) және «Қашғарға оралу»атты еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар, Альберт Ли Гогтың «Қытай Түркістанының көмілген қазыналары»(1928) және француз зерттеушісі Г. Ракуеттің «Шығыс Түркістан» (1907), Э. Шиптонның "Тартария таулары"(1951), С. Гединнің "Азия арқылы" "(1898), атты еңбектері бойынша Шығыс Түркістан аймағы топонимдері талдау нысанына алынды. Бұл деректер Шығыс Түркістан аймағының географиялық, мәдени және тілдік келбетін нақты мысалдармен сипаттап, ондағы түркілік топонимдердің көпқабатты табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған еңбектерде географиялық атаулардың халық дүниетанымындағы орны, тарихи жадпен байланысы мен ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Осы еңбектердің материалдары түркілік атаулардың тарихи тамырларын, олардың семантикалық және этимологиялық ерекшеліктерін айқындауға негіз болады.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің қатарында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық және этимологиялық талдау тәсілдері бар. Бұл әдістер арқылы Шығыс Түркістандағы түркілік топонимдердің шығу төркіні, мағыналық жүйесі және тарихи дамуы анықталды. Сонымен бірге, атаулардың семантикалық сәйкестігі мен уақыт өте келе өзгеру ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды. Түрлі дереккөздердегі атаулардың ұқсастығын ескере отырып, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде, зерттеу түркілік топонимдердің тарихи сабақтастығын, этномәдени уәждемесін және аймақтық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Шығыс Түркістан көптеген батыстық ғалымдардың және саяхатшылардың, миссионерлердің қызығушылығын тудырған аймақ. Шығыс Түркістандағы түркілік жер-су атауларының сақталуы мен өзгеру динамикасы арқылы тілдік және мәдени үдерістерді тануға болады. Осы бағыттағы құнды деректердің бірі - Г. Жаррингтің еңбектері. Ғалым Шығыс Түркістанның тілдік, этнографиялық деректерін терең зерттеген. Ол XX ғасырдың ортасында осы өлкеде болып, жергілікті түркі тілдес халықтардың тілін, мәдениетін, ауыз әдебиетін зерттеген. *Materials to the Knowledge of Eastern Turki* (4 том, 1937–1961), *From Khotan to Kashghar* (1938) және *Return to Kashghar* (1986). Бұл еңбектер Ортағасырлық түркі тілдері мен топонимиясының маңызды қайнар көздері. Жарринг Шығыс Түркістандағы көне түркі, ұйғыр, қырғыз, және қашғар мәдениеттерінің ізін топонимдер арқылы зерттей отырып, олардың мағынасына, тілдік құрылымына ерекше мән берген. Шығыс Түркістандағы түркі

халықтарының тілін, фольклорын ғана зерттеп қоймай, жер-су атауларының семантикалық және этимологиялық тұрғыдан талдайды. Ғалымның түркілік жазбалар қорын жинақтаудағы еңбегі де түркология ғылымында баға жетпес құндылыққа айналып отыр.

Зерттеу нәтижелері

Шығыс және Орталық Азия кеңістігіндегі түркілік топонимдер семантикалық тұрғыдан тарихи немесе тұрмыстық-әлеуметтік оқиғаларға қатысты туындаған атаулар. Түркі қауымы көшпелі өмір салтына бейім болғандықтан, бұлайша атаулар беруі - бағдар беру рөлін де атқарған. Географиялық кеңістікті көбіне нақты орынға, бастан кешкен оқиғаға байланысты атап отырған. Тюрколог Гуннар Жарринг "Орталық Азияның түркілік жер-су атауларының кейбіреулеріне қатысты ескертпелер" (Jarring, 1937:75), атты зерттеуінде екі компоненттен жасалған "Құлан өлді - *Qulan oldi*", "Ам өлді - *At oldi*", "Ам қашты - *Am qachti*", "Балық өлді - *Balik oldi*", "Бесік қалды - *Besik kaldi*", "Жүк қалды - *Zuk kaldi*" сияқты атауларды да мысалға алады. Топонимдердің басты ерекшелігі - зат есім+етістік үлгісіндегі предикативтік құрылыммен берілуі. Атаулардың формасы жануарлардың белгілі бір жерде қырылуы, қашуы туралы оқиғаның тілдік көрінісі екені анық. "Бесік қалды - *Besik kaldi*", "Жүк қалды - *Zuk kaldi*" топонимдері түркілік көшпелі өмір салтына байланысты сол аталған заттың белгілі бір себептермен қалып кетуінен туындаған атаулар. Бұл топонимдердің аталуы - сол жерде болған оқиға тарихына оқиғаға қатысты болуы заңдылық. Бұл атаулар сол кезеңнің тілдік таңбасы ретінде де сақталған.

Ғалым "базар-bazar", "абад-abad" сөзімен тіркесіп жасалған атауларға, сондай ақ

Шығыс Түркістандағы басқа да жер-су атауларына қатысты тарихи-этимологиялық, лексикалық тілдік талдаулар да жасайды. "Қызыл су", Қызыл, Қызыл өзен", "Ақсу", "Ақ өзен" деген топонимдердің түркілік негізде екендігін айтады. Жоғарыда аталған "базар" сөзімен тіркескен атауларға қарағанда бұл атаулардың ескі қабаттарды білдіруі мүмкін деп болжайды. Сондай-ақ, Орта Азиядағы жер-су атауларын қазіргі таңда бар немесе жойылып кеткен түркі тілдері туралы бүгінгі білімімізбен түсіндіруге болмайды. Жоғарыда айтқанымдай, бұл топқа жататын кейбір атаулар түркі тектес болып көрінуі мүмкін, сондықтан оларды топтастыру кезінде ерекше назар аудару керектігін, ең алдымен, түрік дәуіріне дейінгі дәуірде пайда болған атаулар бар екендігін жазады. Олардың көпшілігі, әрине, өте көне заманға жатады және керуен жолдарының бойында өмір сүрген әртүрлі өркениеттерден бастау алатындығын айтқан (Jarring, 1937:120-156).

Г. Жаррингтің түркологияға қосқан тағы бір үлкен еңбегі- оның жинаған бай мұрасы. Бұл батыс ғылымында - Гуннар Жарринг коллекциясы деп аталады. Қазақ тілінде "жинақ", "қор" деп атасақ та болады. Жинақты Гуннар Жарринг 1982 жылы ағылшын тіліндегі қысқаша каталогымен бірге Швецияның Лунд Университеті кітапханасына сыйға тартқан. Қазіргі таңда жинақталған қор осы университет кітапханасында сақтаулы. Шығыс Түркістаннан швед миссионерлері, ғалымдары, саяхатшылары әкеткен бұл жинақ қоры ХҮ-ХҮІ ғасырларға жататын араб, парсы және шағатай, ұйғыр, өзбек тілдеріндегі көне қолжазбалардан тұрады. Онда классикалық әдебиет, ауыз әдебиеті, исламдық діни шығармалар жинақталған. Сот ісіне қатысты, тарихи құжаттар, медицина, мектеп оқулықтары және т.б. бар. Сондай ақ "Šarqi Turkestan" 1933:3, "Erkin Turkestan" 1933:4, "Jengi hajat 1935-1937" газеттері де бар.

Қазіргі таңда біраз қолжазбалар цифрландырылған. Ол зерттеушілерге онлайн қолжетімді. Бұл қор әлі де толық цифрлық форматқа көшпеген. Бұл бай мұралар жайлы Гуннила Тернвалл былай деп жазады: "Бұл - шығыс қолжазбаларының бай жинағы. Көлемі бойынша әлемде үшінші орында. Қолжазбалар Орта Азиядағы ислам әлемінің шеткі аймақтарынан, қазіргі Шыңжаң өлкесінен, Жібек жолы бойында орналасқан Қашқар, Жаркент сияқты қалалардан алынған. Таңқаларлық жинақ 560 қолжазбадан тұрады, барлығы

1100 атаудан тұрады. Олар әр түрлі: коллекцияға бір парақтан бастап, ұзын орамдар, қалың көлемдегі байланған қолжазбалардың барлығы кіреді. Қолжазбалар ХҮІ ғасырға дейінгі және кейінгі жазбалар. Жинақтың көп бөлігі Шығыс Түркістан, негізінен ұйғыр, сонымен қатар өзбек және шағатай тілдеріндегі кітаптар. Сондай-ақ араб және парсы қолжазбалары" дейді. Қолжазбалар туралы төмендегіше деректер де бар: Хотан газеттері, қолжазбалардың 75% -ы шығыс түркі, 15%-ы парсы, 10% -ы араб жазбалары, бірнеше монғол, тибет, урду, және өзбек қолжазбалары бар. Автор соңғы 150 жылдардағы түрлі саяси жағдайлар, соғыстар, революциялар Шығыс Түркістан мәдени мұраларына ауыр тигендігін айта келіп: "Жарринг пен швед миссионерлері арқасында Лундта үлкен мұра сақталды", деп жазады (From Khotan and Kashghar: Gunnar Jarring and the Jarring Collection Gunilla Törnqvall). Осы жинақтағы түркілік жер-су атауларына қатысты тағы бір құнды еңбек - Г. Ракуеттің "Шығыс Түркістан" қолжазбасы. Аталған еңбекте "Маралбашы", "Қарғалек" "Ақсу", "Қашғар", "Үш Тұрфан", "Жаркент" т.б. топонимдер айтылады (Raquet, 1907:15). Жоғарыда аталған авторлар зерттеген жер-су атауларының тізімі, орналасу қашықтығы толық баяндалады.

Гуннар Жаррингтің Шығыс Түркістан өңірін тынбай аралай жүріп, жинаған рухани дүниелері қазіргі таңда баға жетпес құнды қазынаға айналып отыр. Бұл жинақнаманы әлі де зерттеу, зерделеу осы салаға қатысты ғалымдардың болашақ ісі болуы тиіс.

Келесі зерттеуші - Альберт Ли Гог. Ғалымның «Қытай Түркістанының көмілген қазыналары» аты көлемді еңбегі бар (Albert von Le Coq, 1937:75). Зерттеуде Шығыс Түркістан аймағына жасаған археологиялық экспедициялары негізінде жазған көне қалалар мен будда мәдениетінің іздері туралы баяндайды. Автор бастаған неміс экспедициясы ХХ ғасырдың басында Турфан, Қарашар, Құмтүбі сияқты аймақтардан жер астында, құм басқан үңгірлер мен ғибадатханаларда сақталған қолжазбаларды, мүсіндерді, артефактілерді тапқан. Сондықтан «көмілген қазыналар» деген бейнелі метафоралық сөз тіркесі сол археологиялық олжалардың нақты бейнесін береді. Ғалым бұл атау арқылы рухани және мәдени мұраның ұмытылып, «көмілген» күйінде жатқанын меңзейді. Бұл қазыналардың алтын мен күміс емес, Шығыс өркениетінің білім мен өнердегі жетістіктеріретінде бағалайды. Ол осындай мәдениеттің қайта табылып, ғылымға қайтарылуын «қазына ашу» деп бағалаған. «Қытай Түркістанының көмілген қазыналары» – бұл тек археологиялық табыстар туралы атау емес, Шығыс Түркістанның терең тарихы мен бай мәдени мұрасының қайта жаңғыруының символы. Осы еңбекте де Г. Жарринг түркілік қабатқа жатқызған "Қызыл", "Шыққан көл", "Тұйық", "Қара Қожа", "Безеклік", "Мұзарт", "Айғыр бұлақ" т.б. жер-су атаулары кездеседі.

Шығыс Түркістанды тереңірек зерттеген, саяхатшы - С. Гединнің (*Hedin Through Asia* Vol.1, 1898) "Азия арқылы" атты еңбегі де топонимика ғылымына өзіндік нақты ақпараттар бере алатын еңбек деп айтуымызға болады. Осы еңбегінде Мұз тауға саяхаты жайлы баяндайды. Оны "Мұз тағ" деп атай отырып, осы тауға қатысты өте құнды деректерді және осы биік шыңға шығу сапары барысындағы қиындықтарын өте үлкен әсермен баяндайды. С. Гедин осы кітабының "Мұз Тағ ата" бөлімінде былайша жазған: «Біз 14 сәуір күні ұлы Мұзтауға көтерілуге шықтық. Таудың қапталдары мұзбен қапталып, әйнектей жылтырап тұрды. Биікте боран тынымсыз соғып, бетімізді аяз қатты қарып өтті... Мұзтағ ата – Памирдің ең биік тауы, әрі әлемдегі ең биік шыңдардың бірі. Оның айналасындағы барлық жоталардан биіктігі мен айбыны асып түседі. Бұл атаудың өзі соны дәлелдейді, өйткені 'Мұз таулардың әкесі' деген мағына береді» (Sven Hedin, 1898:213–219).

Батыстық зертеушілер еңбектерінде "Мұз Тауға" қатысты деректер көп кездеседі. "Мұзтағ" - Қырғыз Алатауы бір кезде осылай аталған (Г. Миллер, 1760:14 -15). Бұл топонимнің негізі болып тұрған **тағ** деген сөз ескі жазба нұсқаларда кездеседі. Мысалы, осы сөз **тағ** түрінде VII ғасырға жататын Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіште, X ғасырдағы «Алтын Ярукта», XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридің «Дивани-лугат-ат-түрк» деген еңбегінде, 1069 жылы жазылған «Құдатқу білікте» аталады. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз

тағ, дағ тау, тоо, ту, тыа формасында бар. Бұлардың ең көне формасы **-тағ**. Қазақ тілінде бұл сөз қазір **тау** түріне кешкен. Сөйтіп, **Мұзағ** топонимі **Мұзтау** атауының көне формасы.

Бұл факт - топонимдер тілдің көне қабаттарын бойына сақтайтындығының тағы бір айғағы. (Әбдрахманов, 1975:136) Мұзтауды кейбір зерттеушілер қазіргі ШУАР жеріндегі Ақсу аймағынан Іле аңғарына асып түсетін, Тянь-Шань тауындағы ең қатерлі Мұзарт (кейде "Мұзұр дауан" деп атайды) асуы деп есептейді. Ал шындығында, көпшілік ғалымдар зерттеп мойындағандай, ол Ақсудың батысында, оңтүстік Тянь-Шань тауындағы қазіргі қытай-қырғыз шекарасын бөліп жатқан - Бедел асуы. М. Қашқариде көне түрікше "Бедел арт", көне қытай жазбаларында "Бодалин" деп аталады. (М Қашқари, 1997: 22-23).

Бұл атау жөнінде М. Қашқари былай деп жазған: «Бадаларт - Ош пенен Барсаған арасындағы бір жер, өту қиын болған шоқы» (М Қашқари, 1997: 1т, 373).

Бұл атаудың этимологиясы екі компоненттен жасалаған: бадал+арт. Атаудың *бадал* деген бөлімі қырғыз тілінде бар: «бадал 1. заросли, мелколесье; 2. «кустарник» (К. К.Юдахин К, 1965:92).

Шор, қырыз тілдерінде де арт – «асу» деген сөз. Бұл термин арқылы жасалған топонимдер Шорияда жиі ұшырайды (Юдахин К,1965: 70–71).

Қырыз тілінде **артты** деген етістік қазақ тіліндегі **асты** (таудан асты) сөзімен тепе-тең. Қырғыз Алатауындағы тау атауларының құрамында келетін **арт** сөзі қазақ тіліндегі асу сөзіне дәл келеді (Г. Конкашпаев Г, 1962:241).

Ал Қырғыз тілінде арт, артуу сездері де «тау асуы». Арт термині Қырғызстанда Когарт (Кек+Арт), Қызарт (Қыз+Арт), Айық-Арт, Қорук-арт, Қатын-Арт т.б. топонимдердің құрамында жиі ұшырайды (Юдахин К, 1965: 70-71).

Бұл атау Да Тан Сиюй Цзиде Ұлы Тан әулеті заманындағы "Батыс өлке туралы жазбаларында" да кездеседі. Бұл атпен өзен де бар екендігін Albert Von Le Coe өзінің Қашқарияға сапарында баяндайды: "Біз аласа, бірақ қиын асудан өтіп, Мұзарт өзенінің жанындағы тау жотасының тік жартасында жүздеген ғибадатханалары бар таңғажайып елді мекенді таптық", дейді... Саяхаттың қалған бөлігі ешқандай ерекше оқиғаларсыз өтті. Біз үйіндіге жеттік, Қытай губернаторына деген құрметімізді жасадық, содан кейін "Құмтөреге" бардық, оның жанында көптеген ежелгі будда храмдары бар. Бұлар "Құмтұрдағы" ғибадатханалар деп аталады. Біз осындағы имамның үйіне орналастық, осы үйде жағдайымыз керемет жақсы болды. Ауа райы өте суық болды, ал солтүстік және солтүстік-шығыс желдері шанды бұлттарды айдап жүрді. Дегенмен, біз жұмысқа кірістік. Үңгір храмдары көпіршікті "Мұзарт" өзенінің сол жағалауында орналасқан"(Albert Von Le Coe, 1937: 157) деп сипаттайды.

Демек, осы айтылған жерде түркілік атаумен "Мұзарт" атаулы өзен де бар екені анық. Және осы саяхатшы жазбасында бірнеше түркілік жер су атаулары кездеседі. Осы жазба үзіндісінің өзінде "Құмтөр" атауы екі түрлі "Құмтөре" деп те жазылған. Саяхатшының ауа райын суреттеуіндегі шанды бұлттар мысалына негіздей отырып, сол аймақтың құмды болуына қарай, бұл атауды түркілік "Құмтөр" деп негіздеуге болады.

Жалпы Шығыс Түркістанды зерттеген батыс ғалымдары еңбектерінде түркілік топонимикаға қатысты құнды ақпараттар мен дәлелді пікірлер бар.

Қорытынды

Зерттеу барысында Шығыс Түркістандағы түркілік топонимдердің тарихи, мәдени және тілдік табиғаты батыс зерттеушілерінің еңбектері мен қытай деректері негізінде жүйелі түрде талданды. Мақалада қарастырылған ғалымдар еңбектері Шығыс Түркістан топонимиясының ішкі құрылымын, түркілік қабатын және жергілікті халықтың атауларды қолдану ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл еңбектер Шығыс Түркістандағы жер-су атауларының көнелігін, олардың тарихи оқиғалармен, мәдени орта және тілдік эволюциямен

тығыз байланысын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Г.Жаррингтің бай коллекциясындағы материалдар және өз ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі түркілік топонимдердің зерттелуі осы мақаланың басты дереккөздерінің бірі болды. Ғалымның екі компоненттен құралған жер су атауларды зерттеп, ғылыми негіздеуі және түркілік тарихи қабаттарына қатысты пікірлері осы жұмыстың жаңалығы ретінде құндылығын арттырады. Г.Жарринг келтірген кейбір топонимдердің тым көне кезеңге, түркі дәуіріне дейінгі дәуірге барып тірелетіні және олардың бүгінгі түркі тілдерімен түсіндірілуінің қиын екендігі де құнды деп атауға болады. Бұл ой Шығыс Түркістан кеңістігінде бірнеше өркениет қабаттарының тоғысқанын дәлелдейді. Альберт Ли Гогтың *Қытай Түркістанының көмілген қазыналары* еңбегі археологиялық материалдар негізінде жазылғандықтан, ондағы деректер топонимдердің мәдени қабатын – отырықшы өркениет пен будда мәдениеті қалдырған іздерді айқындауға септігін тигізді. Свен Хединнің *Through Asia* атты еңбегіндегі «Мұзтағ-ата» туралы сипаттамалар табиғи нысандардың атауындағы семантикалық дәлдікті көрсетеді. «Мұз таулардың әкесі» деген мағынаның өзі бұл атаудың түркілік дүниетаныммен толық сәйкес келетінін және батыстық зерттеушілердің көне атауларды дәл сол күйінде тіркеп отырғанын дәлелдейді. Қорыта айтқанда, батыс зерттеушілері мен қытай деректерін салыстыра талдау топонимдердің көпқабатты құрылымын, географиялық, тарихи және семантикалық қабаттарын толық ашуға мүмкіндік берді. Берілген деректер мен талдаулар Шығыс Түркістан топонимдерінің батыстық зерттеушілер еңбектерінің және қытай жазба деректерінің бірін-бірі толықтыратынын көрсетті. Зерттеу нәтижесі ретінде мынадай тұжырымдар айқындалды:

1. Түркілік топонимдердің басым бөлігі өте көне дәуірлерге барып тіреледі. Кейбір атаулар қазіргі түркі тілдерімен толық түсіндірілмейді, бұл олардың архаикалық қабатын көрсетеді.

2. Етістік-негізді екі компонентті топонимдер көшпелі мәдениетке тән кеңістік моделін көрсетеді («Ат өлді», «Ат қашты», «Жүк қалды» және т.б.).

3. Табиғи-географиялық атаулар («Ақсу», «Қызылсу», «Тұйық», «Мұзарт») батыс және қытай деректерінде бірізді сақталған, бұл олардың тарихи тұрақтылығын дәлелдейді.

4. Г.Жарринг коллекциясының қолжазбалары топонимдердің лексикалық, семантикалық және тарихи контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл болашақ зерттеулер үшін аса құнды база болып табылады.

Қорытындылай келе, Шығыс Түркістан топонимдерінің тарихи сабақтастығы, тілдік жүйесі және этномәдени уәждемесі батыстық зерттеушілердің және қытай деректері негізінде кешенді түрде дәлелденді. Аймақтың топонимиялық кеңістігі – бірнеше өркениет қабаттарының тоғысқан, бірақ түркілік негізін сақтап қалған ерекше тарихи-мәдени құбылыс.

Әдебиет:

Әбдрахманов, А. (1975). Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым баспасы. 207 б.

Абдрахманов, М., Бонюхов, А. (1966). Шорияның топонимдік атаулары. Сб.: Тілдер мен Сібірдің топонимиясы. Томск. 168 б.

Кашқари, М. Түрік сөздігі. [Электронды ресурс] URL: https://altaica.ru/LIBRARY/turks/Mahmud_kz1.pdf (Қаралған күні: 01.03.2025).

Le Coq, A. von. (1928). Buried Treasures of Chinese Turkestan. London: Allen & Unwin.

Jarring, G. (1930). Орталық Азиядағы кейбір түрік топонимдері жөнінде ескертулер. [Электронды ресурс] URL: <https://paleoarchive.com/literature/Jarring1961-Central Asian Turkic Place Names.pdf> (Қаралған күні: 01.03.2025).

Jarring, G. (1937). Шығыс түркі халықтарын зерттеу материалдары. [Электронды ресурс] URL: <https://turkistanilibrary.com/content/materials-knowledge-eastern-turki> (Қаралған күні: 01.03.2025).

- Jarring, G. (1938). Хотаннан Қашғарға дейін. [Электронды ресурс] URL: <https://portal.research.lu.se/en/publications/from-khotan-and-kashghar> (Қаралған күні: 01.10.2025).
- Raquette, G. (1907). Шығыс Түркістан. Жаркенд.
- Shipton, E. (1951). Тартария таулары. [Электронды ресурс] URL: https://archive.org/stream/dli.pahar.2925/1950%20Mountains%20of%20Tartary%20by%20Shipton_djvu.txt (Қаралған күні: 12.06.2025).
- Hedin, S. (1898). Азия арқылы саяхат. [Электронды ресурс] URL: https://archive.org/stream/dli.pahar.1507/1899%20Through%20Asia%20Vol%201%20By%20Sven%20Hedin%20S_djvu.txt (Қаралған күні: 13.07.2025).
- Миллер, Г. (1760). Бухарадағы құмдық алтын туралы хабарлар. Санкт-Петербург.

References:

- Abdrahmanov, A. (1975). Toponymy and Etymology. Almaty: Gylym Publishing. 207 p. [in Kazakh].
- Abdrahmanov, M., & Bonyukhov, A. (1966). Toponymic Names of Shoria. In Languages and Toponymy of Siberia. Tomsk. 168 p. [in Russian].
- Kashgari, M. Turkic Dictionary. [Electronic resource] Retrieved from https://altaica.ru/LIBRARY/turks/Mahmud_kz1.pdf (Accessed: 01.03.2025) [in Kazakh].
- Le Coq, A. von. (1928). Buried Treasures of Chinese Turkestan. London: Allen & Unwin.
- Jarring, G. (1930). Remarks on Some Turkic Place-Names in Central Asia. [Electronic resource] Retrieved from <https://paleoarchive.com/literature/Jarring1961-Central Asian Turkic Place Names.pdf> (Accessed: 01.03.2025).
- Jarring, G. (1937). Materials for the Study of Eastern Turkic Peoples. [Electronic resource] Retrieved from <https://turkistanilibrary.com/content/materials-knowledge-eastern-turki> (Accessed: 01.03.2025).
- Jarring, G. (1938). From Khotan to Kashgar. [Electronic resource] Retrieved from <https://portal.research.lu.se/en/publications/from-khotan-and-kashghar> (Accessed: 01.10.2025).
- Raquette, G. (1907). Eastern Turkestan. Jarkend.
- Shipton, E. (1951). Mountains of Tartary. [Electronic resource] Retrieved from https://archive.org/stream/dli.pahar.2925/1950%20Mountains%20of%20Tartary%20by%20Shipton_djvu.txt (Accessed: 12.06.2025).
- Hedin, S. (1898). Through Asia. [Electronic resource] Retrieved from https://archive.org/stream/dli.pahar.1507/1899%20Through%20Asia%20Vol%201%20By%20Sven%20Hedin%20S_djvu.txt (Accessed: 13.07.2025).
- Miller, G. (1760). Reports on Sand Gold in Bukhara. St. Petersburg.

^{*1}Бекеева Н.Ж., ²Нұрдаулетова Б.И., ³Аймұхамбет Ж. Ә.

¹КИМЭП Университеті, Алматы, Қазақстан

²Есенов Университеті, Ақтау, Қазақстан

³Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹nuraisha@kimep.kz, ²nurdauletova@mail.ru, ³a_zhanat@mail.ru

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ И НАУЧНАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ТЮРКСКИХ ТОПОНИМОВ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В КОРПУСЕ ЗАПАДНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности отражения тюркских топонимов региона Восточного Туркестана в трудах западных исследователей, а также их

историко-лингвистические характеристики. Цель и значение исследования заключаются в анализе этимологии названий географических объектов, встречающихся в западных источниках, и в определении их тюркского происхождения на основе конкретных примеров, что позволяет выявить культурно-исторические следы тюркской цивилизации в регионе. Научная новизна, направления и идеи исследования состоят во введении в научный оборот ранее неиспользованных западных источников, а также в комплексном семантическом и историческом анализе содержащихся в них топонимов. Работа предлагает новый взгляд на этнокультурную роль тюркских топонимов и сопоставляет западные интерпретации этих названий в межкультурном контексте. Научные задачи и практическая значимость заключаются в систематизации материалов из западных трудов, определении этимологических и исторических основ тюркских названий, а также их географического распространения. Результаты исследования могут быть использованы в топонимике, лингвокультурологии и исторической географии. Методология исследования основана на историко-сравнительном, описательном и этимологическом подходах. Основные результаты и выводы показывают, что многие топонимы, зафиксированные западными исследователями, имеют тюркские корни. Проведённое исследование способствует углублённому научному пониманию тюркской топонимии Восточного Туркестана.

Ключевые слова: Восточный Туркестан, тюркские топонимы, западные исследователи, коллекции зарубежных миссионеров.

Благодарность: Статья выполнена в рамках проекта финансируемого Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Древнетюркские топонимы в китайских и других восточных источниках – одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологический и лингвистический аспект» (индивидуальный регистрационный номер: BR24993043).

^{*1}Bekeyeva N.ZH., ²Nurdauletova B.I., ³Aymukhambet Zh.A.

¹KIMEP University, Almaty, Kazakhstan

²YessenovUniversity, Aktau, Қазақстан

³L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹nuraisha@kimep.kz, ²nurdauletova@mail.ru, ³a_zhanat@mail.ru

SOURCE-BASED REPRESENTATION AND SCHOLARLY INTERPRETATION OF TURKIC TOPONYMS OF EASTERN TURKESTAN IN THE WESTERN RESEARCH CORPUS

Abstract. This article examines the representation and historical-linguistic characteristics of Turkic toponyms in the works of Western scholars who studied the region of East Turkestan. The purpose and significance of the study are to analyze the etymology of place names found in Western research and to determine their Turkic origins through concrete examples, thereby revealing the deep historical and cultural presence of Turkic civilization in East Turkestan. The novelty, directions, and main ideas lie in introducing Western sources that have not previously been included in domestic academic discourse and in conducting a comprehensive semantic and historical analysis of the toponyms they contain. The study offers a new perspective on the ethnolinguistic and cultural role of Turkic place names, comparing Western interpretations within a broader cross-cultural framework. Scientific objectives and practical significance include classifying toponymic data from Western studies, reconstructing their etymological and historical bases, and determining their geographical distribution within Turkic-speaking regions. The results have practical value for the fields of toponymy, linguacultural studies, and historical geography. The methodology employs

historical-comparative, descriptive, and etymological analysis, allowing for an examination of linguistic layers, semantic development, and cultural context. Main results and conclusions demonstrate that many of the toponyms recorded by Western scholars have Turkic origins, confirming their importance as linguistic evidence of historical and cultural continuity in East Turkestan. This research contributes to expanding global understanding of Turkic toponymy.

Keywords: East Turkestan, Turkic toponyms, Western researchers, collections of foreign missionaries

Acknowledgments: The article was carried out within the framework of the project funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources – One of the Foundations of Modern Turkic Integration: a historical-etymological and linguistic perspective» (individual registration number: BR24993043).

Авторлар туралы мәлімет:

Бекеева Нұрайша Жүсіпқызы, филология ғылымдарының кандидаты, PhD КИМЭП Университеті ассистент-профессоры, Алматы, Қазақстан.

Нұрдаулетова Бибайша Ильясовна, филология ғылымдарының докторы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар мен инженерлік университетінің туризм және тілдер факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы.

Аймұхамбет Жанат Әскебекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Бекеева Нурайша Жусуповна, кандидат филологических наук, PhD, ассистент профессор Университета КИМЭП, Алматы, Казахстан.

Нурдаулетова Бибайша Ильясовна, доктор филологических наук. Профессор кафедры казахской литературы, факультета туризма и языков Каспийского университета технологий и инженерии имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.

Аймухамбет Жанат Аскебекқызы – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Астана, Казахстан

Information about authors:

Bekeyeva Nuraisha Zhusupovna, Candidate of Philological Sciences, PhD, Assistant Professor, KIMEP University, Almaty, Kazakhstan.

Nurdauletova Bibaisha Ilyasovna, Doctor of Philological Sciences, Professor of the Department of Kazakh Literature, Faculty of Tourism and Languages, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.

Aymukhambet Zhanat Askebekkyzy, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.